

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

алмай келеді. Біртұтас түркілік топонимиялық кеңістікті қалпына келтіру, яғни түркі халықтар мекендеп, ат қойып, айдар таққан мекендер бүгінгі ұрпақ үшін қызықты әрі атаулар арқылы ол жерлердің және мекендеген халықтардың тарихы туралы көптеген ақпараттарды анықтауға болады. Батыс Қазақстан топонимдеріне этимологиялық талдаулар жасай отырып, салыстырмалық тұрғыдан қазақ топонимдерінің таралу аймақтарына да болжам жасауға болатын секілді. Ілгеріде аталған Азия аймағындағы *Қарасу*, *Жота*, *Қамысты* т.б. секілді топонимдер Қазақстанның әр аймағында кездеседі. Этимологиясын анықтап, ареалдық топонимия әдісі бойынша бірдей топонимдердің таралу аймақтарына зерттеулер жүргізу – қазақ географиялық топонимикасының алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі.

Әдебиеттер тізімі

1. Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы. – Алматы, «Арыс», 2001. – 171 б.
2. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256 б.
3. Древнетюркский словарь / Под ред. Э.В. Севортян. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
4. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
5. Ұлы түрік қағанаты. Құр. Ахметұлы Ш. ҚХР Шыңжаң: Жастар-өрендер, 2006. – 601 б.
6. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1978. – 349 с.
7. Сүлейменов О. АЗ и Я Изгі ниетті оқырман кітабы. (ауд. С. Ақатаев). – Алматы: Жазушы, 1992. – 298 б.
8. Бейсенбайұлы Ж. Америка үндістері – түрк халықтарының түп туысы // Тіл және қоғам. – Астана: Ер-Дәулет, 2005. – 89-100 б.
9. Якутско-русский словарь. Под. ред. П.А. Слепцова. – Москва: Советская энциклопедия, 1972. – 568 с.
10. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. – Москва: Русский язык, 1976. – 944 с.
11. Жеменей И. Парсыша-қазақша сөздік. – Алматы: Зерде, 2003. – 448 б.
12. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
13. Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (лексика), II бөлім. – Алматы, 1955. – 132 б.
14. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 3-шығуы. – Алматы, 1960. – 125 б.
15. Болатов Ж. М. Әуезовтің «Абай жолы» романында халық тілінің пайдалануы // Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1965. – 216-237 бб.
16. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 234 б.
17. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы, 1975. – 240 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҚЫТАЙМЕН ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТОПОНИМИЯСЫ²

*ӘБДУӘЛИҰЛЫ Б.,
Л.Н.Гумилев атаныдағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы.
Астана, Қазақстан*

Ресей мен Қытай қазақ елімен ежелден қатар өмір сүріп келе жатқан мемлекеттер. Бірі батыстық, екіншісі шығыстық үлгідегі ірі державалар, халқының менталитеті, тұрмысы мен салты жағынан да бір-бірінен алыс жатыр. Ал қазақ осы екеуінің арасындағы діні бөлек, тұрмысы көшпелі, түркілік текке жататын халық. Діні мен дәстүріндегі өзгешеліктерге қарамай шекаралас жатқандықтан бұл елдермен арадағы қатынас үнемі сақталып отырған. Сондықтан шекаралас аймақтардағы жер-су атауларының қалыптасуында да осы қатынастың белгілері сақталған. Бұл екі елдің әрқайсысындағы мемлекеттік идеология мен саяси ұстанымдарына және тарихи жағдайлардағы өзгешеліктерге байланысты жер-су атауларына

² Мақала ҚР БЖҒМ-нің АР08855686 – «Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы топонимия» атты мемлекеттік гранты аясында әзірленді (2020-2022 жылдарға арналған).

деген көзқарас та бір-бірінен алшақтау тұрады. Мысалы, Қытай халық республикасының Шыңжан аумағындағы қазақ топонимдері осы уақтықа дейін тарихи қалыбын сақтап келді. Қазақ халқы мекендеген аймақтарда ертеден қойылған атаулар көп өзгерістерге түскен жоқ. Ал керісінше Ресейдің Қазақстанмен шектесетін облыстарындағы атаулардың негізгі бөлігі жойылып кетті. Атауларды ауыстыру Ресейдің империялық саясатының бір бағыты ретінде қалыптасқан. Бұл идеология қазақ жерін жаулап алу кезеңінде де жалғасын тауып жатты. Кеңес билігі тұсында да тоқтаған жоқ, Қазақстанның солтүстігі мен шығысындағы өңірлерде осы идеологияның іздері әлі де сақталып келеді.

Шекаралық аймақтарда сақталған атаулар бойынша талдаулар жасағанда, топонимдердің тілдік сипатына тікелей ықпал еткен Қытай мен Ресейдегі осы жағдайлар да назарға алынады. Ресей жеріндегі топонимдердің этимологиялық сипатын аша отырып, ұлттық топонимдерге тән ортақ белгілерге назар аударсақ, Шыңжан аймағындағы атауларға топонимжасамдық заңдылықтар бойынша талдаулар жасаймыз. Өйткені бұл жердегі атаулардың Қазақстан аумағындағы топонимдерден өзгешелігі жоқ, сондықтан екі аймақты салыстырудан гөрі олардың тарихи топонимжасам заңдылықтары аясындағы сабақтастықтарына назар аудару маңыздырақ болмақ.

1. *Қазақстанның Қытай халық республикасымен шекаралас аймақтарындағы топонимдер.* Қытайдағы қазақтар Іле қазақ автономиялы облысында қоныстанған. Осы жерде ұзақ уақыттар бойы өмір сүргендіктен жер-су атауларының негізгі бөлігі қазақ тілінде сақталған. Көшпелі тұрмыс кешкендіктен таулардың, тау жыныстарының және басқа да табиғи нысандарды көзімен көріп, табиғатын танып, осыған сәйкес атаулар берілген. Бүгінде бұл атауларды қазақ мәдениетінің бір тарауы ретінде сақтап қалу идеялары көтеріліп отыр. Қытайда тұратын қазақ ғалымдары тарапынан аздаған зерттеулерге негіз етілгені рас [1, 40 б.; 2, 35 б.], алайда бүгінге дейін бұл тақырып Қазақстан зерттеушілерінің назарынан тыс қалып келеді. Бұл аймақтар қазақ халқының ежелден қоныстанған атамекені еді. Үйсін патшалығы заманынан бері осы аймақты мекендеп келе жатқан халық тарихи кезеңдерде басынан түрлі жағдайларды өткерді, осыған байланысты туған жер жат жерліктер қолына өтіп кеткен тұстар да болды, кейін Абылай ханның заманында қайтарып алып, содан бері тұрақты иеленіп келеді. Ресми қолданыста және халықтың аузында сақталған қыстақтар, ауылдар, географиялық нысандар атаулары сол өткен тарихтың куәсі іспетті.

Қазақстан Республикасымен көршілес жатқан ҚХР-да, соның ішінде, тікелей шекараласып жатқан батыс өңірлерінде көптеген жер-су аттары қазақша аталады. Өйткені, ол жерлер тарихтан қазақ халқының ата қонысы, туған өлкесі. Қазіргі күнге дейін сол жерлерде тұратын қандастарымыз осы аймақтарды ата мекенім деп таниды. Қытайдағы қазақ топонимдері туралы толық мәлімет алу – жан-жақты зерттеулерді талап етеді әрі бұл сол жерде тұрып жатқан қазақ халқының тарихымен, тұрмыс-тіршілік, мәдениетімен тығыз байланысты кешенді мәселе. Қазақстан мен Қытай ғалымдары тарапынан зерттеулер неғұрлым терең әрі жан-жақты жүргізілсе, алдыға қойылған мақсатқа жетудің жолдары да жеңілдей түсер еді. Әуелгі алдымызда тұрған келелі міндеттердің бірі – бұл тақырыпта жарық көрген еңбектерді жинақтап, жүйелеу, яғни жарық көрген еңбектер бойынша толық мәліметтер базасын жасау. Бүгінге дейін қандай деректі зерттеулер жүргізілді, онда қандай материалдар қамтылды т.б. секілді сұрақтардың жауабы қарастырылар болса, бұл тақырыптағы ізденістердің жүйелілігі артып, «траншекаралық аймақтардағы топонимия» ұғымының да мәні тереңдей түспек. Бұл орайда Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарындағы қазақтар тұратын жерлердегі жер-су атаулары негізгі нысан болып табылады. Соның ішінде Алтай таулары қазақ халқы айнала қоныстанған ежелгі елді мекен.

Алтай көне тарихтан жалғасып келе жатқан көне атау. Атаудың этимологиясына байланысты ғылыми этимология «ала (биік, құдіретті) және тай (тағ, тау)», яғни құдіретті (биік) тау мағынасын береді деп қарайды [3, 33 б.]. Ал бұл атау туралы аңыз Асан қайғымен байланыстыра айтылады. Елге жайлы Жерұйықты іздеп, Алтай өңіріне келген Асан ата: «Е, алты ай қыс, алты ай жаз болатын жер екенсің. Топырағың жасық, егінге қолайсыздау болар,

астың толған алтын, шөбің шүйгін, бірақ, түбі тынышсыздау өңір болар ма екенсің?!», – депті. Міне, содан бастап «Алтай» аталған деп ел аңыз етеді.

Алтай аймағында Буыршын, Қаба, Жеменей, Буырылтоғай, Көктоғай және Шіңгіл секілді аудандар бар. Буыршын – түйенің жасына, тегіне қатысты атау (жас еркек түйені осылай атайды). Бір байдың көшінен адасып қалып қойған буыршын көп уақыт жападан-жалғыз осы жерді мекендесе керек. Кейін иесі жоғалған малын осы арадан тауып алады да, әлгі жер буыршын атанып кетеді. Демек, бұл халықтың таза тұрмыс жағдайымен, көшпенді өмірімен тығыз байланысты атау. Ал Буыршын ауданының әкімшілік орталығы болып отырған Буыршын қалашығының атын әлі күнге дейін «Құйған» деп атайтындар бар. Өйткені, қалашықтың орналасқан жері Ұлы Ертіс пен Буыршын өзендерінің тоғысқан жерінде, бір-біріне құйған жерінде орналасқан. Бұл географиялық жағдайға байланысты атау. Қаба немесе Хабахэ уез (қыт 哈巴河县) — аудан аты жанында ағып жатқан өзен атымен аталады. Қаба сөзі – моңғол тілінен аударғанда ағыны қатты көп су тамшылары бар дегенді білдіреді [4], Жеменей атауы туралы екі түрлі болжам бар. Бірі тарихи-сипатталамалық болжам, екіншісі этимологиялық тұжырым. Бірінде бұл өзен атауының жеменей руымен байланысты екені айтылса, екіншісінде – мынандай этимологиялық болжам жасайды: «Атаудың бірінші сыңарындағы жем сөзі арқылы жасалған өзен аттары басқа облыстарда кездеседі. Мысалы, Жем – Ақтөбе облысынан басталып, Каспий теңізіне құятын өзен, Қарагем – Шығыс Қазақстандағы өзен. Бұл Жем атауы түркі, моңғол, иран, т.б. тілдерде "өзен" мағынасында гем/кем/хем/кен/қам/қан тұлғаларында жиі қолданылады. Ал Жеменей атауының екінші сыңарындағы «еней» сөзі тілімізге етене жақын байырғы ене (ана) сөзі болса, сөз соңында «-й» – атай, апай, әжей сияқты туыстық терминдерге қосылып, құрметтеу, сыйлау мәнін білдіретін көне қосымша. Олай болса, Жеменей атауы Енисей (Енесай), Абақан (аба - "апа", "ана", қан (кан) - "өзен" деген сияқты) "ана өзен" мәнінде қойылған деп топшыланады» [5].

Көктоғай, Буылтоғай атаулары сол өңірдегі орман ағаштарының түсіне қарай қойылғаны белгілі. Ал Шіңгіл Моңғолиямен шекаралас аудан болғандықтан сол халықтың тілімен аталған болуы керек. Аудан құрамына кіретін біршама ауылдар бар, аттары да қазақша. Алтай қаласына қарасты 9 ауылдық аттары: Әбитан, Қызылтас (Хүндүн), Қандығаты моңғол ұлттық ауылдығы, Алақак, Қарашілік, Шеміршек, Сарқусын, Балбағай, Шірікши, Әбитан, Қандығаты, Балбағай қазақ және моңғол тілдеріне тән атаулар. Өйткені, өткен біршама тарихтан бері бұл өңірлерде моңғол халқының өкілдері қазақ халқымен бірге жасап келеді. Ал, Қызылтас ауылының бір аты Хүндүн. Қазақшадан қытайшаға аударылған нұсқасы, қытай тілінде «қызыл тас» деген мағына білдіреді. Алақак, Шірікши, Сарқусын, Қарашілік атаулары жердің географиялық орналасуына байланысты. Мысалы, Алақак ауылындағы шөл далада үлкен тұзды көл бар. Көп бөлігі қақ болып кеуіп жататын шөлейтті дала. Буыршын ауданына қарасты алты ауылдық мыналар: Дулайты, Қостық, Шұңқыр, Қом-Қанас моңғол ұлттық ауылдығы, Егізтөбе, Оймақы. Дулайты – моңғолша қоянды деген мағынаны білдіреді екен. Қарағаны мол өңірді жабайы қояндар көп мекендейтіндіктен солай атаған. Қазақ тілінде -ты топонимжасадық қызмет атқаратын көне жұрнақ, бір заттың сол жерде көп екенін білдіреді. Қазіргі Алматы, Күрті, Қандағайты т.б. секілді тарихи атаулардың құрамында сақталған. Қостық – жаңа атау. Қытай үкіметі Алтай тауы баурайындағы тың тастақты жерді ашып егінге айналдырғанда, шаруалар қара қоспен келіп еңбек еткендіктен осылай аталған. Бұл атаудың мағынасын екі түрлі түсінуге болады: біріншісі – «қос тік» деген етістікті тіркес, екіншісі – «қос орналасқан жер» деген мағынада қолданылып отыр. Мысалы, егістік, ормандық, алмалық т.б. сөздердің құрамындағы -дық (-дық, -лық) жердің белгілі бір мақсатқа арналғанын білдіретін қосымша. Шұңқыр – тау ортасындағы үлкен алапқа орналасқан ауыл. Қомқанас моңғол тіліндегі атау болса, Егізтөбе жер жағдайына, географиялық нысанның сипатына қарай қойылған атау. Оймақы атауы да оймақтай жер деген ұғымнан шығып отыр. Қаба ауданының алты ауылдығы мыналар: Жайылма, Сартам, Сарбұлақ, Көлбай, Шұбар, Теректі. Бұлардың бәрі жер жағдайына қарай қойылған көне атаулар. Ішіндегі Көлбай сол өңірді мекен еткен батырдың аты болса керек. Жеменей ауылдығының бес ауылдығы мыналар: Бестерек, Тосты,

Топтерек, Шалшықай, Қаржау. Қарап отырсаңыз Бестерек, Топтерек атаулары ағашты өңірдің жағдайын білдіреді. Шалшықай атауы суға байланысты. Шалшық су тұрып қала беретін өңірді солай атаған. Қаржау да қарлы өңірдің ауа райына байланысты. Ал «Госты» атауы мынадай мағыналарда қолданылып тұрғаны туралы болжам жасауға болады: 1. Топонимдік мағына – суды тоспамен тосы, бөгеп, шаруашылыққа пайдалану. 2. Күту мағынасындағы етістік (өкінішке қарай қолымызда бұл туралы ақпарат жоқ). Біздіңше, бірінші нұсқа елдің қазіргі шаруашылық өміріне сәйкес келетін секілді. Топонимжасамда *күту* етістігінің немесе осындай мағынадағы сөздердің жер-суға атау ретінде телінуі сирек. Буырылтоғай ауданының бес ауылдығы мыналар: Жетіарал, Арда, Шығанжиде, Көкағаш, Қарамай. Жетарал өзен ортасындағы шағын алаңқайларға байланысты атау. Өйткені осы өңірден Ертіс өзені ағып өтеді. Арда атауының шығу уәжін «арда ему» тіркесімен байланыстыруға болады, Арда – мал түлігіне қатысты қолданылатын халықтық термин. Екі енені тел емген құлынға қатысты айтылады. Ауыл әрі қарай бір өзен болып ағатын екі судың құйылысында орналасқан болуы мүмкін. Шығанжиде, Көкағаш өсімдік атауларынан жасалған фитотопонимдер. Жиде Бурылтоғай ауданында көп өсетін өсімдік. Ал Қарамай осы ауданмен шекараласатын әйгілі мұнай алабы Қарамай қаласымен байланысты атау. Көктоғай ауданының алты ауылдығы мыналар: Дүре, Қаратүңке, Күрті, Қарабұлғын, Темекі, Тұрғын. Дүре – дәстүрге байланысты атау. Қазақ салтындағы дүре соғу ұғымын айшықтап тұр. Өлдекімге дүре соғылған өңір халық арасында осылай аталғаны анық. Қаратүңке – түңкелі, құйқалы, шөбі шүйгін жердің жағдайына қарай қойылған атау. Қазақ халқы көбінесе жерді өзінің ерекше географиялық белгілерімен атаған. Сол атаулар жердің шынайы географиялық жағдайын дәл бейнелеп берген. Қарабұлғын – Суда жасайтын кішкентай аң. Ауылдық Бұлғын деп аталатын өзенге жақын орналасқандықтан, сол өзенде көп болатын осы аңның атымен аталған көрінеді. Темекі – кейінгі кезде пайда болған жаңа атау. Темекі өндіретін шаруашылық мекеме орналасқан жердің өз атауы. Ал Тұрғын – тұрғындар тұратын жер немесе халық орналасқан мекен т.б. секілді мағынадағы атау. Бұл дәстүрлі атау емес, әлеуметтік-тұрмыстық, шаруашылық жағдайларға байланысты кейіннен пайда болған тың жасалым болса керек. Күрті – көне тұлғалы атау. Зерттеушілер: 1. көне түркі тіліндегі күрт (сең) тұлғасына -ті қосымшасының жалғануы арқылы жасалған. 2. Моңғол тілдеріндегі хур – «жар», «жартас», манжұрдағы курд – «биік жота, төбе» сөздерінен жасалған атау (мағынасы «биік төбелі жер» БӨ) деген болжам жасайды, сол секілді көне түркі тіліндегі *qurt* – қасқыр мағынасын да ойда ұстау керектігін айтады [6, 112 б.]. Шіңгіл ауданына қарасты жер-су атауларының мынандай түрлері кездеседі: Қарашора, Алтынқазған, Егіндібұлақ, Қараңғытоғай, Шұбартобылғы, Қайыңдыбұлақ, Бұлақ, Тақырқарын, Жолсай, Сарқырама, Аралтөбе, Көктас т.б. Бұл атаудардың шығу уәждері табиғи нысандардың сипатына, орналасу ыңғайына және кен орнына байланысты болып келеді. Осы орайда, Көктоғай ауданының орталығы Қуертіс, Қаба қалашықтары кейде Ақши, Жеменей қалашығы кейде Топтерек деп айтылатыны да бар. Бұл аймақ тұрғындарының қолданысында әлі де болса атаулардың бірізденбегенін көрсетеді. *Өзен-көл атаулары*. Алтай аймағында алыс-жақын шетелге танымал, айтулы өзендер мен көлдер де бар. Олардың геосаяси маңызы да аса жоғары. Бір ғана Ертіс өзені Қытайдан бастау алып, Қазақстан, Ресей арқылы Солтүстік мұзды мұхитқа барып құяды. Бұл өзеннің атауы туралы аңыз да Асан бабамен байланысты. Жер ұйық іздеп жүріп Ертіс өзенінен желдіртіп өте берген Асан қайғының желмаясы судың ағысты да тереңдігінен сүрініп кетеді. Сонда арғы жағаға шығып өзен атырабына бажайлай қараған абыз: «Е, ағысың қатты, суың тұнық, жағаң жайлы ер түсетін, бел шешетін жер екенсің», – депті. Өзен содан бері Ертіс аталып кетеді. Ал ғылыми этимология былай дейді: «Ал атаудың этимологиясына келетін болсақ, біздің ойымызша, атаудың бірінші компоненті *ur* // *er* түркі сөзі: мағынасы қазақша — *uir*, орысша — «извилистый» дегенге келеді. Қазақша *ur*-/*-ек*, *uir*-/*-ім*, *uir*-/*-іл*-/*-ген* сияқты сөздер осы түбірден өрбіген. Ал екінші «тіс» компоненті кет тілінде *sec* түрінде келіп, «өзен» деген мағынаны білдіреді³. Екінші сөзбен айтқанда кет тілінің *sec* (өзен) сөзі түркі тілдерінде *mic*//*miu* формасына айналады. Сөйтіп,

³ Дульзон А. П. Кетские топонимы Западной Сибири // Ученые записки ТГПИ. Томск, 1959. С. 98.

бұл гидроним, біздіңше, екі компоненттен құралған: *Иир//Иир>Ер* (орысша аудармасы: «извилистый») +сес // *шеи>теc // тiс//тыш* (кетше «өзен», «су») >*Иертiс//Ертiс*. Атаудың, *Иир* бөлегі өзеннің ирелеңдеп, ирек-ирек болып ағатын көрінісін дәл береді. Сонда атаудың мағынасы «Иир өзен» (извилистая река) дегенге келеді. Ә. Т. Қайдаров *иир* сөзінің түбірі *и(ий)* деп қарайды⁴ [7, 20-б.]

Қазақстанның Ресеймен шекаралас аймақтарындағы топонимдер. Жеті жарым мыңнан астам шақырымға созылған Қазақстанмен шекаралық аумақта Ресейдің Саратов, Астрахан, Орынбор, Омбы, Челябинь облыстары шектесіп жатыр. Бұл жерлердің шекараларының саяси тарихы біршама белгілі және осы еңбектің тарауларында арнайы сөз болады. Географиялық нысан атауларының тарихы мен табиғатынада сонымен қатар ауызша сақталу фактілері де көптеп кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда бұл облыстарда тұратын ұлты қазақ азаматтарының да жер-су атаулары мен осы аймақтарды мекендеу тарихы туралы көзқарастары маңызды. Біреулері қазірге дейін сақталып жеткен жер-су атауларын негізге ала отырып, ежелгі замандардан осы жер біздің атамекеніміз десе, енді біразы ХХ ғасырдың басындағы нәубет жылдарында келгенбіз дейді. Бұл орайда екі мәселе ойға оралады: бірі – арғы жағы ғұндардың Еділ патша заманынан, беріде Алтынорда құрамындағы қыпшақтық дәуірге, кейінгі Исатай-Махамбет, кешегі Алаш кезеңіне дейінгі қазақтардың атамекені. Екіншісі – ХХ ғасыр басынан бергі ауыс түйістер. Топонимдер тілі де осы дәуірлерден дерек береді. Мысалы, қазір ресми Волга аталып жүрген Еділ гидронимі, осы секілді көне формалы Арқадақ, Бұзлұқ, Басқұншак, Бұзан, Шығанақ топонимдері – сол көне дәуірлердің бүгінге жеткен жұрнағы. Ал Бұлғар, Үкек, Азақ, Сарай, Мажар қазіргі Ресей жерінде өмір сүрген Алтынорда қалалары. Зерттеу еңбектерде Алтынорда дәуіріндегі топонимдер туралы да деректер бар. Астрахан облысындағы Ақтөбе өзені атауының шығу тарихын Р.А.Таракова өз зерттеулерінде «Ахтуба» сөзінің шығуын ХІІІ ғасырдан бергі кезге, яғни Еділ өзені жағалауы Алтын Орданың орталығына айналған дәуірге жатқызады. Осы кезде бірден Сарай-Бату (Селитренныйда), Сарай-Берке (Волгоград облысында) астаналары салынған [8]. Саратов облысында Еділдің жағасындағы Үкек қаласының тарихы да өзіне арнайы назар аударады. Үкек – көне түркі тілінде I. 1. Табыт; 2. Сандық. II. 1. Мұнара; 2. Шоқжұлдыз [9, 623-с.]. Осы мағыналардың ішінде «мұнара» мағынасы қала атауына сәйкес келеді.

Шекаралас облыстар аумағындағы қазақ топонимдерінің саны біршама, олардың негізгі бөлігі қазақ топонимжасам заңдылықтарына сәйкес келеді. Бұл топонимдер құрамы негізінен кісі есімдерінен жасалған және географиялық нысанның сипатына байланысты атаулардан тұрады. Сонымен қатар қазақ халқының тұрмысы мен салтына, дүниетану әлеміне байланысты ұғым-түсінік атаулары топонимдердің құрамынан орын алған. Мысалы, Аманжан, Әулеке, Байет, Байгеншек, Бөгембай, Итемген, Келдібек, Кіпай, Мамай, Өстемір, Саржан, Сырпайша, Тілеміс т.б. атаулар адам аттары мен этнонимдерден жасалған топонимдер болса, Атабайтомар, Әулиесу, Байгелқызыл, Байғанағаш, Баянкөбек, Боқышлік, Дүйсенбайшілік, Имантоғай, Керейқұдық, Керейқыстаған, Қадырбайшілік, Қызғанкөмген, Мейірманқұдық, Мәумкеғаш, Соғұлұстаған, Төреқоңыр т.б. секілді атаулар мағынасы географиялық нысанның жеке адам мен руға қатысын білдіреді.

Ресей аумағындағы топонимдердің табиғаты да лингвистикалық тұрғыдан алғанда қазақ топонимжасамының заңдылықтарына сәйкес келеді. Мұнда да атаулардың негізгі бөлігі географиялық нысанның сипатын білдіреді. Жалпы алғанда мұндағы атаулардың төмендегідей түрлері кездеседі: Ащыкөл, Бағана, Басқұмдыкөл, Егіндіағаш, Жалғызқұдық, Жарқынағаш, Кіші Арал, Қағаз, Қаратал, Қаратерек, Қаратомар, Қарауылшілік, Қарашоқ, Қиғаш (өзен), Қозған, Қойсойған, Қоскөл, Қосқызыл, Қотпашілік, Құрас, Құрықшоқ, Қырықты қызыл, Мойнақ, Мұртық, Сағасай, Садақ, Сарыкөл, Сулышоқ, Сұлуағаш, Сұлушілік, Сұрат, Табынарал, Теренсай, Тоғысбай, Төбет, Ұзынкөл, Ұзынағаш, Ұзыншілік, Үлкеншілік, Шаңдақкөл, Шарбақты, Шоқыршілік, Шұңқырбейіт т.б. Бұл топонимдердің ішінде көркем ойдан туған Сұлуағаш, Сұлушілік секілді атаулармен қатар, Ащыкөл, Жалғызқұдық, Қаратал,

⁴ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 222-б.

Қаратомар, Қарауылшілік, Қоскөл, Теренсай, Ұзынағаш т.б. географиялық нысанның сипатын білдіретін атаулар да бар. Бұлар Қазақстан аумағында да жиі кездесетін типтік топоним үлгілері және қазақ топонимдерінің біртұтастығын дәлелдейтін фактілер болып табылады. Еліміздің ішінде кеңінен таралған атаулардың көпшілігі сөз болып отырған Қытай мен Ресей елдерінің трансшекаралық аудандарында қайталанатын.

Батысы мен шығысындағы екі елмен арадағы шекара сызығының сыртында сақталған қазақ тіліндегі жер-су атаулары өзінің тарихында көптеген ықпалдарды басынан кешіріп, бүгінгі күнге жетті. Қазіргі сақталғандары барлығы емес, көптеген өзгерістерден қалғаны. Алдағы уақытта бұл өзгерістердің әлі де жалғаса беретіні белгілі. Мемлекеттің ішкі мүддесіне сәйкес, жергілікті идеологияға байланысты жаңа атаулармен ауыстырылған жағдайда, бұл атаулардың тарихтың бір кезеңіндегі белгілер ретінде сақталып қалуға хақысы бар. Сондықтан, оларды жинау мен жүйелеу алдымызда тұрған міндеттердің бірі және қазақ халқының тарихымен тікелей сабақтас мәселе болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Фын Чын Жүн. Батыс өңірінің жер аттары («西域地名»). – Пекин: «Жуңхуа баспасы», 1955. (қытайша нұсқасы).
2. Шәріпұлы Ә. Дала мәдениеті. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 2008. – 40 б.
3. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 275 с.
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Қаба> [Қаралған күні: 10.05.2022].
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Жеменей> [Қаралған күні: 10.05.2022].
6. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-словарь», 2010. – 356 б.
7. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. Авторлар ұжымы. Т.Жанұзақ, А.Әбдірахманов. – Алматы: «Ғылым», 1989, 254 б.
8. Таракова Р.А. Земные имена. Очерки астраханской топонимики. – Астрахань: Издатель: Сорокин Роман Васильевич, 2021. 552 с.
9. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 716 с.

A COMPARATIVE EXAMINATION OF LANGUAGE ECOLOGY AND LANGUAGE POLICY IN POST-SOVIET CENTRAL ASIA

William FIERMAN
Professor Emeritus
Indiana University (Bloomington), USA

Аңдатпа. Кеңес дәуірінің соңында тілдердің қолданыс аялары негізінен кеңестік әкімшілік иерархиядағы этникалық топтардың қызметіне байланысты болды. Орыс тілінің қызметі жоғары болды; оның астында орыс емес 14 «одақтық республиканың» тілдері болды; барлық басқа тілдер салыстырмалы түрде тар аяларда қолданылған. «Одақтық-республикалық тілдерге» Орталық Азиядағы бес тіл – қазақ, қырғыз, тәжік, түрікмен және өзбек тілдері кірді. Бұл тілдердің одақтық республикалардың басқа тілдеріне қарағанда тар аяларда қолданылуы олардың 1991 жылдан кейін жаңа аяларда кеңеюіне үлкен әсер етті. Бұған әсер еткен тағы екі фактор, ең алдымен, кеңестік дәуірден бастау алып, КСРО ыдырағаннан кейінгі республикалардың этникалық құрамы мен халқының тілдік репертуары болды. Осы «кеңестік мұралық факторлардан» бөлек, тіл саясаты мен экологиясы да әрбір елдің мемлекет құру жобасымен, оның халықаралық бағытымен, саяси жүйесінің сипатымен және экономикалық ресурстарымен айқындалды. Бүгінгі күні орыс тілі Беларусьтен басқа барлық бұрынғы кеңестік республикаларға қарағанда Орталық Азияның жоғары беделді аяларында әлі де кеңірек қолданылады. Бірақ орыс тілі Орта Азиядағы кең ауқымды аяларда бұрынғы РСФСР-дің «автономды» бірліктеріне қарағанда азырақ қолданылады.